

құндылықтарды насихаттауға қосылған маңызды үлес. Жуалы жерінің әрбір атауы - өткеннен сыр шерткен, болашаққа бағдар беретін қазақ тарихының өшпес белгісі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет М. Жері,суы дуалы- Жуалы. Алматы: Тоғанай Т,1998.
2. Байдалиев Д.Д. Жуалы әлкесінің ежелгі тарихы. Тараз: 2007 - 213 б.
3. Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. - 808 б.
4. Жанұзақ Т. (ред.). Жер-су атауларының анықтамалығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
5. Телғожа Жанұзақ. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 б.

ҰЛЫТАУ Өңіріндегі ерте темір дәуірінің жерлеу ескерткіштерінің құрылыс ерекшелігі

Рысбек М.М.

ғылыми жетекші: т.ғ.к., профессор Жауымбай Сағындық Убайұлы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.
miko01052006@gmail.com

Ұлытау өңіріндегі барлық тарихи орындар «Ұлытау» ұлттық тарихи - мәдени және табиғи қорық - музейіне жатады. Бұл жерде барлық қазақ хандарының ата-бабасы Жошы ханның және аты аңызға айналған қазақ жүздерінің негізін қалаушы Алаш ханның мазарлары орналасқан. Ұлытау өңірі өзінің айрықша археологиялық ескерткіштерімен ерекшеленеді. Теректі Әулие тастағы таңбалар, қола дәуірінің металлургиялық орталықтары, түркілік тас мүсіндер, сақ қорғандары мен оғыз-қыпшақ қалалары осы жерде қоныс тепкен. «Ұлытау» ұлттық-тарихи мәдени және табиғи қорық - музейі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 29 қарашадағы номер 466 Қаулысымен құрылған. Жалпы жер көлемін 147246 гектардан тұратын, 25 тарихи- мәдени кешендер құрайды. Аталған аймақта 200 кешеннен артық ескерткіштер саны орналасқан. Ескерткіштердің санын анықтау және төлқұжаттандыру жұмыстары бүгінгі таңда жасалуда. Ұлытау ауданы аймағында 358 тарихи - мәдени ескерткіш төлқұжаттандырылған. Олардың ішінде 11 ескерткіш: Алашахан, Жошыхан, Айранбай, Аяққамыр, Мақат, Болған ана, Басқармыр, Домбауыл, Кетебай, Лабақ, Дүзен, мазарлары республикалық маңызға ие [1,244 б].

Ұлытау-2 археологиялық кешені

Ұлытау-2 Ұлытау ауданының орталығынан оңтүстік-шығысқа 3 км жерде дөңес қыраттың шығыс шетінде орналасқан. Қыраттың ең биік нүктесінде орналасқан тригопункттен батысқа қарай. Қыраттың солтүстік беткейінде шығыс бағытта ағатын Жумабай өзені бар. Оба - шеңбер тәрізді күліс байқалады, тас пен топырақ аралас үйіндіден тұрады. Оба диаметрі тас үйіндінің іргесінен алғанда 28 м. Оның сыртында айналдыра қазылған ордың диаметрі 38 м. Обаның беткі диаметрі 14 м. Обаның құрылысы етегінен жоғары қарай шүйіріле келген қисық конус тәрізді. Обаның үстінде батыс бөлігінде көлемі 5×5 м, тереңдігі 0,5 м болатын шұңқыр бар. Осы шұңқырдың солтүстік іргесінде көлемі 4×3 м, шығыстан батысқа қарай орналасқан кейінгі жерлеу орны байқалды. Обаның солтүстік шетінде 3×2,5 м, биіктігі 0,5 м ұсақтастардан үйілген жерлеу орны бар. Обаның үсті шығыс жағында дөңестеу, батыс бөлігіне қарай еңіс болып келген. Бұл үнемі батыстан соғатын желдің ықпалы болса керек. Обаның бетінде жусан, көде, тобылғы өскен. Обаның сыртқы жамылғысына ұсақ, орташа 5×10, 10×15, 15×15 см болатын таудың жақпар тастары пайдаланылған. Обаның етегін айналдыра ені 4 м, тереңдігі 40 см ор бар. Обаның солтүстіктен оңтүстікке тік кесінді салу мақсатында жіп тартылып, екі секторға бөлінді. Оба шетінен крепидаға дейінгі аралық 1-1,2 м. Крепида тастарының көлемі: 130×40×90 см; 80×30×50 см. Обаның батыс секторынан 2 м тік кесінді алынып, осы бөлігі шым қабатынан тазартылды. (Обадан үш кольцолық құрылыс анықталды.) Обаның орталық бөлігінен қабір үсті құрылысы анықталды (алдын ала болжам бойынша панцирь деуге болады). Қабір үсті құрылысының бергі қабатында қолданылған тастар ірі, көлемі 45×30×40; 50×30×35; 20×30×25 см. Қабір үсті құрылысы оңтүстіктен солтүстікке қарай 5,5 м, шығыстан батысқа қарай оңтүстік бөлігінен санағанда 2,1 м. Орталық бөлігіндегі ені 3,2 м, солтүстік бөлігіндегі ені 3,18 м. Биіктігі 50 см. Қабір үсті құрылысының оңтүстік-батыс бөлігіндегі тас қаланды бұзылған, тонау шұңқыры болуы мүмкін. Тонау


шұңқырының диаметрі 1,3 м. Қабір шұңқырының көлемі: шығыстан батысқа ұзындығы 4 м, оңтүстіктен солтүстікке ені 2,3 м. Қабір шұңқырының тереңдігі шамамен 3 м құрады.



1-сурет. Ұлытау-2 археологиялық кешенінің жалпы көрінісі

2. Сарыоба археологиялық кешені

Археологиялық кешен Ақмола облысының Жақсы ауданында Терісаққан ауылынан оңтүстікке қарай 6 км жерде, Терісаққан өзенінің Есілге құяр тұсында, биіктеу келген жазықта орналасқан. Кешенді 2006 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің К.А. Ақышев атындағы Археология институтының мамандары ашып, алғашқы ғылыми сипаттамасын жасаған (Историко-культурное наследие..., 2008). Нысанды анықтауда Ақмола облысы Жақсы ауданы Запорожье орта мектебінің директоры, «NOMAD» археологиялық клубының жетекшісі Е. Байдусеновтың үлесі зор. Сарыоба археологиялық кешені ежелгі дәуірден бастап этнографиялық уақытқа дейінгі аралықтағы жерлеу және ғұрыптық құрылыс тардан тұрады. Ежелгі дәуір құрылыстарына кешеннің орта тұсындағы шартты түрде «Үлкен оба» атауы берілген нысан жатады. Бұл нысанның ең биік тұсы 3,85 м құрайды. Обаның жалпы диаметрі 100 м. Периметрі бойынша жалпақтығы 8-10 м, тереңдіктері 0,35-0,65 м болатын ормен қоршалған. Оба үйіндісі топырақтан. Оның төбесі жайпақтау және сол түстіктен оңтүстікке қарай көлбеулеу келген. Үйіндінің үстінде әр жерлерінен кішігірім тас құрылыстардың орны байқалады. Олар сыртқы пішіні бойынша ортағасырлық және этнографиялық уақыттың жерлеу орындарына сәйкес келеді. Жалпы саны 13 үйіндінің орны бар. Оларды шартты түрде 3 топқа және 1 жекелеген оба түрінде қарастыра аламыз. Кешен құрамындағы Үлкен обаға мерзімделік тұрғыда қатысы бар ғұрыптық нысандардың 2 түрі кездеседі: шеңбер - қоршау тәріздес және ұзыншалау - жал тәріздес формада. Бірінші түрдегі ғұрыптық нысандар Үлкен обадан солтүстікке қарай 100 м жерде батысшығыс бағыты бойынша тізбектеле орналасқан. Жалпы саны - 7 дана. Оларды өзара екі топқа бөліп қарастыра аламыз: шығыс және батыс. Шығыс топ 2 ғұрыптық нысаннан тұрса, батыс топқа 5 ғұрыптық нысан кіреді. Екі топ арасындағы қашықтық 180 м-ді құрайды. Бұл нысандардың диаметрі 24-30 м, биіктігі жер бедерімен бірдей [2,1 б].



2-сурет. Сарыоба археологиялық кешенінің жалпы көрінісі

1. Жанбөбек археологиялық кешені

Археологиялық жұмыстардың қысқаша сипаттамасы (№3 қорған)

Қорғанның өлшемдері (диаметрі 20 м, биіктігі 1.6 м) және құрылысы (тас-топырақ үйінді, айнала ормен қоршалған, ордың диаметрі 30 м) Тасмола мәдениетіне тән архитектураны көрсетеді. Негізгі ерекшеліктері мен олжалары: Тас стелла: Қорғаннан шығысқа қарай 4 м қашықтықта антропоморфты белгілері жоқ, өңделмеген тас стелланың (0.7x0.2x0.18 м) төменгі бөлігі табылды.

Сыртындағы жерлеу орындары: Қорған жанында этнографиялық дәуірге (XIX-XX ғғ.) жататын үш кішігірім жерлеу орны бар. Крепида және тас қабаты: Оңтүстік-шығыс секторында 6-10 тақтай тастан тұратын дөңгелек тас қалау (крепида) анықталды. Оның үстіндегі тас қабаты (орташа биіктігі 0.5 м) сақ қорғандарына тән құрылым болып табылады. Қабір үсті құрылысы: Үйіндінің ортасынан кесілгенде (ені 1.8 м) сопақша пішінді, үлкен тастардан (5-6 қатар) салынған (ұзындығы 8 м, ені 6 м) қабір үсті құрылысы ашылды. Бұл да Тасмола мәдениетінің дәстүрлі элементі. Қабірдегі олжалар: Екінші рет жерлеу: Қабір үсті құрылысының солтүстік-батыс бөлігінен 1.4 м тереңдікте ересек адам мен жылқының шашыраңқы сүйек қалдықтары табылды, бұл қайта жерлеуді білдіреді. Басқа да заттар: Шығыс бөлігінде - диаметрі 3 см балшықтан жасалған диск тәрізді шарбақ сынықтары. Батыс бөлігінде - диаметрі 20 мм мыс сымнан оралған сақина фрагменті. Баланың сүйектері: Батыс қабырға жанындағы "воронкадан" баланың шашыраңқы сүйектері табылды. Түпкі қабір шұңқыры: Дөңгелек пішінді (диаметрі 1.9-2.2 м), тереңдігі 1.2 м шұңқыр анықталды. Шұңқырдан ересек адамның шашыраңқы сүйек қалдықтары (қабырғалар, иық сүйектері, фалангалар) және қола белдік айылбасы (1.04 м тереңдікте) табылды. Қорыта айтқанда, №3 қорған - Орталық Қазақстанның сақ дәуіріндегі Тасмола археологиялық мәдениетіне жататын ескерткіш болып табылады. Ол бірнеше жерлеу актілері мен осы мәдениетке тән архитектуралық элементтерді (крепида, тас қабаты, қабір үсті құрылысы) қамтиды.



3-сурет. Жанбөбек археологиялық кешенінің жалпы көрінісі

Ұлытау-2 кешенінің құрылымдық сипаты

Ұлытау облысының Ұлытау ауданында орналасқан Ұлытау-2 обасы - құрылымдық күрделілігімен ерекшеленетін жерлеу ескерткіші. Оба табиғи қыраттың шығыс жиегінде тұрғызылған. Нысанның жоспарлануы мен құрылысы бұл жерде бірнеше кезеңді жерлеу орындарының болғанын көрсетеді. Оба шеңбер тәрізді, тас пен топырақ аралас үйіндіден құралған. Негізгі үйіндінің диаметрі 28 м, ал айналдыра қазылған ордың диаметрі 38 м. Бұл ор обаның маңыздылығын айқындап, оның ғұрыптық шекара қызметін атқарған. Орталық бөлігі төменнен жоғары қарай жіңішкере түсетін қисық конус пішінінде салынған. Үйіндінің үстіндегі үлкен шұңқыр мен кейінгі қосымша жерлеулер обаның әр кезеңде қайта пайдаланылғанын дәлелдейді. Орталық аймақтан табылған қабір үсті құрылысы ірі тастардан қаланған панзер типіндегі кешен екенін көрсетеді. Оның өлшемдері - 5,5×3,2 м, биіктігі 50 см. Құрылыстың бұзылған бөліктерінен тонау іздері байқалады. Қабір шұңқыры әсіресе терең қазылған (3 м), бұл оның мәртебелі адамға арналғандығын аңғартады. Ұлытау-2 кешенінің ерекшелігі - үлкен өлшемі, бірнеше қосалқы жерлеулердің болуы және күрделі тас-топырақ құрылыс жүйесі. Бұл өңір елді мекендерден алыс биік табиғи нүктелерге жерлеу салу дәстүрінің дамығанын көрсетеді.

2. Сарыоба кешенінің құрылыс ерекшелігі

Сарыоба археологиялық кешені Ақмола облысының Жаксы ауданында орналасқан және өзінің ауқымды өлшемдерімен ерекшеленеді. Кешен ерте темір дәуірінен бастап этнографиялық кезеңге дейінгі көпқабатты мәдени шоғыр ретінде сипатталады. Кешеннің басты нысаны - «Үлкен оба». Оның биіктігі 3,85 м, ал диаметрі 100 м. Үйіндінің төңірегін ені 8-10 м, тереңдігі 0,35-0,65 м ор қоршап жатыр. Мұндай ірі көлемді қорғандар әдетте аймақтың саяси немесе көсемдік элитасына арналған жерлеу кешені ретінде құрылған. Үйіндінің үстінде кейінгі кезеңдерге жататын ұсақ тас құрылыстар орналасқан, жалпы саны - 13. Оба жанында орналасқан екі түрлі ғұрыптық нысан ерекше назар аударады: шеңбер-қоршау түріндегі құрылыстар - 24-30 м диаметрінде; жал тәрізді созылыңқы құрылыстар. Бұл ғұрыптық құрылымдардың болуы жерлеу рәсімімен бірге арнайы діни-салттық шаралардың өткізілгенін, сондай-ақ қоғамдық-ритуалдық кеңістік қалыптасқанын айғақтайды. Сарыоба кешені - Ұлытау-2 мен Жанбөбекке қарағанда ең үлкен, күрделі және көпқабатты

нысан. Оның құрылыс архитектурасы аймақтық сақ көсемдерінің жерлеу дәстүрімен тікелей байланысты.

3. Жанбөбек №3 қорғанының құрылыс сипаты

Жанбөбек кешені Тасмола мәдениетіне тән құрылымдық ерекшеліктерімен белгілі. №3 қорғанның диаметрі 20 м, биіктігі 1,6 м. Үйінді тас-топырақтан тұрады және айнала 30 м шамасындағы ормен қоршалған. Бұл құрылымдық шешім Тасмола мәдениетіне тән «классикалық» сақ қорғандарының моделін көрсетеді. Қорғаннан шығысқа қарай орналасқан тас стелла - маңызды ритуалдық элемент. Оның өңделмеген, қарапайым түрде жасалуы жерлеу ғұрпындағы табиғи тасты символ ретінде қолдану дәстүрін көрсетеді. Қорған ішінде анықталған крепида, тас қабаты, сопақша қабір үсті құрылысы - Тасмола мәдениетінің негізгі архитектуралық белгілері. Екінші рет жерлеу орындарының табылуы қорғанның әр кезеңде қайта пайдаланылғанын дәлелдейді. Қабірден адам сүйектерімен қатар жылқы сүйектерінің табылуы - сақ дәуіріне тән «адам-жылқы» бірге жерлеу ғұрпының белгісі.

Ұлытау-2, Сарыоба және Жанбөбек археологиялық кешендерінің құрылымдық ерекшеліктерін салыстыра қарастырғанда, олардың әрқайсысы өлшемі, құрылыс тәсілі, жерлеу элементтері және мәдени дәстүрі жағынан айтарлықтай айырмашылықтарға ие екені анық байқалады.

Ұлытау-2 кешені өлшемі жағынан орта деңгейдегі нысанға жатады: негізгі үйіндісі 28 м, ал оны айнала қоршаған ордың диаметрі 38 м. Оба құрылысында тас пен топырақ аралас материал кең қолданылған. Кешен құрамында бірнеше қосымша жерлеулер бар, бұл оның уақыт өте келе қайта пайдаланылғанын көрсетеді. Қабір үсті құрылысы ірі тастардан қаланған панзер түрінде кездеседі. Мәдени тұрғыдан нысан ерте темір дәуірінің көпқабатты жерлеу дәстүріне жатады. Оның функциясы - әлеуметтік мәртебесі жоғары тұлғаны жерлеу және кейінгі кезеңдерде қайта жерлеу рәсімдерін орындау.

Сарыоба кешені үш нысанның ішінде ең көлемдісі болып табылады. Үлкен обаның диаметрі 100 м-ге жетеді, ал айналасындағы ордың ені 8-10 м. Үйіндінің негізгі материалы - топырақ, алайда үстіңгі бөлігінде кейінгі дәуірлерге тән тас құрылыстар сақталған. Бұл кешенде қосымша 13 ғұрыптық және жерлеу орындары анықталған. Қабір үсті құрылымы нақты көрінбегенімен, ғұрыптық алаңдардың көп болуы оның тек жерлеу ғана емес, діни-ритуалдық орталық болғанын аңғартады. Сарыоба ерте темір дәуірінен этнографиялық кезеңге дейін үздіксіз пайдаланылған көпқабатты ескерткіш болып саналады. Функциясы - аймақтық көсемдерге арналған салттық орталық.

Жанбөбек кешеніндегі №3 қорған көлемі жағынан салыстырмалы түрде шағын, диаметрі 20 м шамасында. Ордың диаметрі 30 м, бұл оның құрылысында да белгілі бір ритуалдық шекараның болғанын көрсетеді. Негізгі құрылыс материалы - тас пен топырақ. Қорғанда бірнеше қосымша жерлеу кездеседі. Қабір үсті құрылысы сопақша пішіндегі ірі тас қабатымен ерекшеленеді. Бұл нысан Тасмола мәдениетіне тән классикалық сақ дәстүрін айқын көрсетеді. Функциясы - дәстүрлі сақ жерлеу рәсімін жүзеге асыруға арналған ескерткіш. Жалпы алғанда, үш кешеннің айырмашылығы олардың өлшемінде, ғұрыптық құрылымдарының күрделілігінде, мәдени кезеңінде, сондай-ақ қолданылған құрылыс материалдарында көрінеді.

- Ұлытау-2 - орта көлемді, күрделі панзерлі оба.
- Сарыоба - ең ірі, ғұрыптық алаңдарға бай, көп дәуірлі кешен.
- Жанбөбек - Тасмола мәдениетінің классикалық шағын қорғаны.

Сонымен қатар, олардың барлығына ортақ белгі - ордың болуы, тас-топырақ материалдарының үйлесімді қолданылуы және бірнеше қайта жерлеу элементтерінің кездесуі. Осы ерекшеліктер арқылы Ұлытау өңіріндегі ерте темір дәуірі қауымдастығының жерлеу салты мен ритуалдық кеңістікті ұйымдастыру дәстүрін анық байқауға болады.

Ұлытау-2, Сарыоба және Жанбөбек кешендері - ерте темір дәуіріндегі жерлеу ғұрпының түрлі архитектуралық дәстүрлерін көрсететін бірегей нысандар.

- Ұлытау-2 - күрделі тас құрылыс пен көп кезеңді жерлеудің айқын мысалы.
- Сарыоба - аймақтық элитаның ірі жерлеу және ғұрыптық орталығы.
- Жанбөбек - Тасмола мәдениетінің дәстүрлі сақ жерлеу архитектурасын танытатын үлгі.

Үш кешенді салыстыра қарағанда, олардың ортақ белгісі - ордың болуы, тас-топырақ қабаттарының қолданылуы және қосымша жерлеулердің кездесуі. Айырмашылығы - көлемінде, ғұрыптық нысандардың күрделілігінде және мәдени-топографиялық құрылымында.

Бұл ескерткіштер ерте темір дәуіріндегі тайпалардың әлеуметтік иерархиясын, жерлеу рәсімдері мен дүниетанымдық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан - менің Отаным = Қазақстан мое Отечество : «Рухани жаңғыру» Президенттік бағдарламасын жүзеге асыруға арналған IV Респ. Студ. Ғыл.- тәжір. Конф. Материалдары.- Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018,- 463 б.
2. Рысбек.М Мақала, Сарыоба археологиялық кешендегі қазба жұмыстарының қортындылары ббет
3. Сәтбаев қаласының 45-жылдығына арналған «Қ.И. Сәтбаев-Тұлға. Патриот. Ғалым» атты халықаралық симпозиум материалдары. Қарағанды қ., 2018 ж.- 174 б.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӨҢІРІНІҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Рысқұлбек С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.
Астана Халықаралық университеті
Астана қ.

Аңдатпа

Бұл жұмыста Жамбыл облысының Байзақ ауданы аумағындағы жер-су атауларының шығу тегі қарастырылады. Топонимдердің қалыптасуында өңірдің тарихы, географиялық ерекшеліктері, этникалық құрамы мен шаруашылық дамуы маңызды рөл атқарады.. Ақбұлым, Сарыкемер, Абай, Түймекент, Қостөбе, Шахан, Жібек жолы, Байзақ батыр сияқты атаулар тарихи кезеңдердің ізін сақтап, қазақ халқының рухани дүниесін, шаруашылық моделін және мәдени жадын бейнелейді. Зерттеу нәтижелері бұл топонимдердің көпшілігі көне түркі дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихи-әлеуметтік өзгерістердің куәсі екенін көрсетті. Жұмыс нәтижелері өлкетану, тарих, география, тіл білімі салаларында қолдануға тиімді.

Кіріспе

Жер-су атаулары - халықтың тарихи санасын, дүниетанымын және мәдени болмысын айшықтайтын ең көне әрі сенімді дереккөздердің бірі. Топонимдер уақыт өте өзгеруі мүмкін тарихи оқиғаларды, табиғат ерекшеліктерін, әлеуметтік қатынастарды, белгілі тұлғалар есімдерін немесе жергілікті тұрмыс-салтқа қатысты белгілерді бойында сақтап қалады. Сондықтан белгілі бір өңірдің атаулар жүйесін зерттеу сол аймақтың өткені мен бүгінін терең түсінуге мүмкіндік береді. Топонимиялық қабат - халықтың тарихи жадының көрінісі, ал осы қабатты анықтап, мән-мағынасын ашу - туған жердің шынайы болмысын тануға бастайтын маңызды қадам. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы - сан ғасырлық тарихтың ізі сайрап жатқан, табиғаты алуан түрлі, мәдени және этнографиялық мұрасы бай өңірлердің бірі. Бұл аумақ ежелгі қоныстардың, қорғандардың, түркі дәуіріне жататын ескерткіштердің және Ұлы Жібек жолының бойындағы керуен бекеттерінің шоғырланған аймағы ретінде белгілі. Сондықтан Байзақ ауданының жер-су атаулары да кездейсоқ қойылған белгілер емес, оның тарихын, шаруашылық ерекшеліктерін, тайпалық құрылымын, әскери жорықтарын, тұрмыс-тіршілігін айқын көрсететін құнды дереккөз. Өңір атауы XIX ғасырдағы тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Ауданға Байзақ Мәмбетұлының есімінің берілуі - ел тағдыры жолында күрескен батырға деген құрмет әрі сол дәуірдегі саяси жағдайлардың топонимдік қабатта сақталғанының айқын дәлелі. Аудан аумағындағы көптеген ауыл, төбе, бұлақ, өзен және сай атаулары да өзіндік шығу тарихына ие. Мысалы, Сарыкемер - көне керуен жолдарының түйіскен тұсындағы бекіністермен, Ақбұлым - мөлдір бұлақ көзінің түсімен, Түймекент - түркі кезеңіндегі шағын қалашық қалдығымен, Қостөбе - екі төбелі табиғи рельеф ерекшелігімен байланысты қалыптасқан. Сондай-ақ Шахан, Бурыл, Ботамойнак, Жібек жолы сияқты атаулар табиғи көріністерді де, тарихи дамуды да қатар бейнелейді. Байзақ ауданының топонимдерін зерттеу - тек олардың шығу тегін анықтап қою емес, халықтың өркениеттік дамуын, тарихи жадын, мәдени сабақтастығын зерделеу. Осы зерттеудің өзектілігі де - жергілікті атаулардың мән-мағынасын жаңғыртып, туған өлке тарихына қызығушылықты арттыру, аймақтық идентичтікті күшейту. Жер-су атаулары арқылы біз бұл өңірдің ғасырлар қойнауындағы өмірін, халық рухының қайнарын тереңірек түсіне аламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының материалы ретінде Жамбыл облысы мен Байзақ ауданына қатысты шыққан өлкетану еңбектері, топонимикалық және этнолингвистикалық сөздіктер, тарихи архив құжаттары, жазба деректер, ауызша тарихнама үлгілері және жергілікті тұрғындардың әңгімелері